

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200 –Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» атты диссертациясына

## ІШКІР

Диссертациялық жұмыс бірқатар Таяу Шығыс мемлекеттеріндегі ішкі проблемалардың шиеленісуімен сипатталатын қазіргі халықаралық қатынастардағы күрделі кезеңге арналған. Ізденуші зерттеліп отырған Египет, Ливия және Сирия елдеріндегі «араб көктемі» үдерісінің ерекшеліктерін зерттей келе, оның дамуына әсер еткен негізгі проблемалық нүктелерді анықтай білген. Осы орайда, революциялық әрекеттердің алғышарттарын, оның барысы мен нәтижелерін, сондай-ақ тұтастай алғанда қоғамның және оның жекелеген топтарының дамуына әсерін зерттеу айтарлықтай маңызды жұмыс болып табылады. Осы оқиғалардың салдарын зерттеу қоғамды біріктірудің тиімді ішкі саяси стратегиясын жүзеге асыруға және жасырын қауіп-қатерлерге төтеп беру үшін қажет екені сөзсіз. Зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты және іргелі ғылыми зерттеулердің аз болуына байланысты Г.К.Курпебаеваның зерттеу жұмысы ғылыми тұрғыдан өзекті және маңызды болып табылады.

Диссертациялық жұмыста автор отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, белгілі ғылыми зерттеу әдістерді егжей-тегжейлі сипаттап, жеткілікті дұрыс пайдалана білген. Алынған қорытындылар мен ұсыныстары теориялық-әдіснамалық негізге сүйене отырып, сенімді және нақты жазылған.

Г.К.Курпебаевамен таңдалынған диссертациялық жұмысының құрылымы зерттеудегі қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындауға қол жеткізді. Диссертацияның дұрыс таңдалған теориялық және әдіснамалық негізі авторға таңдалған тақырыпты зерттеуде әртүрлі тәсілдерді зерттеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ізденуші араб дағдарысының пайда болуында маңызды рөл атқарған әлеуметтік, саяси, этникалық, діни мәселелерді ажырата көрсете білген. Диссертациялық жұмыста қарастырылған «араб көктемі» оқиғалары аймақтық және халықаралық қатынастар жүйесінде едәуір із қалдырғаны анық, бұл көбінесе мемлекеттің саяси құрылымының неғұрлым оңтайлы моделін іздеу және постбиполярлық кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістермен сипатталады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 11 ғылыми жұмыс ретінде басылып шықты, оның ішінде Scopus мәліметтер базасында тіркелген ғылыми журналда, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.

Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай, ізденуші ғылыми жұмыста қойылған мақсат мен міндеттерін толықтай орындаған және жұмыстың нәтижелерінің ғылыми жаңалығы, теориялық, тәжірибелік мәні бар.

Қорыта айтқанда, Г.К.Курпебаеваның «6D020200 –Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының құндылығы жоғары, толықтай аяқталған ғылыми еңбек. Диссертациялық жұмыстың міндеттерінің өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы, тәжірибелік маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелерді беру Ережелерінің» қойған талаптарына сәйкес келеді, ал ізденуші Курпебаева Газиза Кабыловна «6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Пікір беруші:**

**Алматы Университеті,  
«Педагогика және психология»  
кафедрасының меңгерушісі,  
Саясаттану мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD)**



**Б.Л.Махмұтов**

Тел.: +7(727) 248-57-48 ішкі 115  
E-mail: b.makhmutov@almaty-university.kz